

7 дәріс. Ахмет Иүгінеки дүниетанымы

Дәрістің мақсаты: Бүкіл түркі халықтарына ортақ, қазақ топырағынан шыққан ойшыл Ахмет Иүгінекидің дүниетанымы мен «Ақиқат сыйы» еңбегіндегі негізгі құндылықтармен таныстыру.

XII ғасырдың екінші ширегі мен XIII ғасырдың бірінші жартысында Түркістан өлкесінде Жүйнек атты ауылдық жерде ойшыл Ахмет Иүгінеки дүниеге келеді. Туғанынан зағиф болса да, көкірек көзі ашық, білімді Ахмет Иүгінеки жөнінде мәліметтер аз. Бірақ, ол «Ақиқат сыйы» шығармасында өзі туралы ер – деген өлең жолдары сақталған.

Жалпы Орта ғасырларда адам білімінің өсіп жетілуіне күш салған ғұлама мұсылман ойшылдарының ерен еңбегі мен артына қалдырған рухани мұралары барша адамзатқа қазына. Кейінгі уақыттарда мәдени мұраларымыз бен түркі дүниесіне ортақ ойшыл-даналарымыз және олардың жазба құнды ескерткіштерін рухани жаңғыртуға бет алғанымыз белгілі. Солардың ішінде Қарахан дәуірінде өмір сүріп, өзінің «Ақиқат сыйы» (Хибат-ул-хақайық) атты еңбегімен аты түркі әлеміне тараған Ахмет Иүгінеки туралы әлі де болса тарихи-философиялық тұрғыдан аз зерттелген тақырыптардың бірі.

Мәтіннің көне түркі тілінде жазылғанына қарамастан «Хибатул-хақайық» деп араб тілінде қоюының өзіндік себебі бар. Кейде бұл еңбекті «Атебатул-хақайық», яғни «Шындық қақпасы» – деп атайды.

Ахмет Иүгінекидің өмір жолы мен бізге жеткен «Ақиқат сыйы» еңбегінің түпнұсқасы бізге дейін жетпей жоғалып, XIV-XV ғасырларда көшіріліп жазылған алты көшірме нұсқалары мен үзінділері ғана жетіп отыр. Енді сол нұсқаларға сүйеніп, оны зерттеген ғалымдарға тоқталамыз.

Бұл шығарманың зерттелу барысына тоқталсақ, қолжазбаның табылғаны туралы алғашқы ақпаратты түрік ғалымы Нәжіп Асим 1906 жылы хабарлайды. Қазіргі уақытта бұл шығарманың бірнеше қолжазба нұсқасы бар. Солардың ішінде ең көнесі, әрі біршама толық сақталғаны Самарқанд нұсқасы. Бұл қолжазба қазір Стамбұл қаласындағы Айя-София кітапханасында сақтаулы. Оны 1444 жылы

Самарқанд қаласында атақты каллиграф Зейнул Абидин Джурабий деген кісі ұйғыр әрпімен көшірген екен. 508 жол өлеңнен тұрады.

Екінші нұсқа да Айя-София кітапханасында 4757 нөмірімен сақтаулы. Бұл нұсқаны Шейзада Абдур-Раззақ бахши 1480 жылы көшірген. 506 өлең жолдан тұрып, ұйғыр және араб жазуымен жазылған. Бұл нұсқаны түрік ғалымы Нәжіп Әсім осман түріктерінің тіліне аударып, 1916 жылы осы нұсқаның көшірмесімен жеке кітап етіп шығарды. Бұл нұсқаны өзбек ғалымы, шығыстанушы Қ.Махмудов аударған.

Үшінші нұсқа – Стамбұлдағы Топ-Қапы сарайындағы кітапханада 35552 нөмірімен сақтаулы. Араб жазуымен жазылған, бірақ кім көшіріп жазғаны белгісіз, шамамен XV-XVI ғасырлардың басында көшірілген болуы керек. Бұл нұсқаны түркітанушы, профессор Ә.Құрышжанов пен Берікбай Сағындықов тәржімалаған.

Төртінші нұсқа – «Ұзын көпірдегі Сейіт Али» деген кісінің кітапханасынан табылып, кейін Анкара кітапханасына табыс етілген, өкінішке орай, кейін жоғалып кеткен.

Бесінші нұсқа – Анкара шаһарының Маариф кітапханасынан табылған 4 беттік үзінді, ол ұйғыр тілінде жазылған.

Алтыншы нұсқа – Берлиндегі Пруссия Ғылым академиясынан табылған. Ол ұйғыр жазбаларының арасындағы 1 беттік үзінді түрінде сақталған.

1480 жылы Шейхзаде Әбдіразақ-бахши көшірген нұсқасын Нәжіп Асим осман түріктерінің тіліне аударып, түпнұсқасымен қоса оны 1916 жылы жеке кітап етіп баспадан шығарады.

«Ақиқат сыйы» – дидактикалық үлгіде жазылған туынды. Шығарманың мазмұны сюжетке құрылмаған. Дастанның әр тарауы белгілі бір мәселеге арналған. Арасында өзі де оқырманға ақыл-кеңесін беріп кетеді. Кітап Ахмет өмір сүрген замандағы адамшылдық қасиеттердің кешенін қозғаған құнды жәдігер.

Ал, қазақ философиясындағы орнын айқындауға алғаш қадам жасаған философ-ғалым І.Е. Ерғалидің «Адам әлемі» философиялық және қоғамдық-гуманитарлық журналында (2002, № 2) «Ахмет Иүгінеки философиясы – Адам әлемі туралы ой толғаныс» атты ғылыми мақаласы болып табылмақ. Бұл еңбекте Ахмет Иүгінеки

мұрасын философиялық тұрғыдан зерттеуге ұмтылып, оны қазақ философия тарихындағы орнын анықтауға бағытталған ғылыми еңбектің маңыздылығы өте жоғары деп санаймыз.

Адам қалай өмір сүруі керек? – деген сауалға Әдип Ахмет өзінше жауап іздеп, дидактикалық сарында оқушысына өсиет-уағыз айтады. Мәселен, шығарманың авторы оқушысына: адам адал өмір сүруі тиіс, сараң болмауы керек, жомарт жанды, білімді кісіні қадірлеу қажет, жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесапат деген сияқты ғибратқа толы сөздер айтады. «Ақиқат сыйы» дастанындағы ең басты мәселе – оқу мен білім мәселесі.

Бұл кезде қыпшақ даласында адамның сана-сезіміне жарық сәуле құятын оқу-білімді, ғылымды көкке көтере мадақтап, білімді адамдарды, ғұлама-ғалымдарды құрметтеп жырға қосудың өзі зор азаматтық ерлік іске тең еді.

«Ойлы сөз – ұтқыр, ойсыз сөз – жұтқыр»
(<https://egemen.kz/article/352717-qayyrsyz-adam-%E2%80%93-dgemissiz-aghash-%E2%80%93-akhmet-iugineki>)

Ахмет Иүгінеки шығармасында бүкіл әлемнің сырын ашатын кілт, ол көкірек көзі ашық, оқыған, білімді адамдардың қолында деген тұжырым жасайды. Ахмет Иүгінеки ғылым мен ашуды бір-біріне қарсы қойып, бақытты болудың сырын өнер, білімнен табады. Ашу-ызақорлыққа орын берген адам әрқашанда нағандыққа, қараңғы түнекке қамалады. Ахмет Иүгінеки дүниетанымының өзге тарауларында әдептілік, жомарттық секілді басқа мәселелерді де осы оқу-білімнің құдіретті күшімен байланыстырып, кез келген түйінді оқу, білім күшімен шешуге болатындығына сенеді.

Қысқаша айтқанда, Ахмет Иүгінекидің дүниетанымы «Қараханидтер» дәуірі тұсындағы Жүсіп Баласағұннан кейінгі және Алтын Орда заманы арасындағы көпір болғандығы. Ол сол кездегі Орта Азия ғұламаларының және араб-парсы ойшылдарының еңбектерін жете меңгере отырып, өзінің дидактикалық еңбегін болашақ ұрпаққа аманат етті.

Екіншіден, Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» еңбегіндегі бір Аллаға мың дәлел, білімнің пайдасы, тіл туралы, сараңдық пен жомарттық, дүниенің бір орында тұрмайтындығы сөз болады.

Үшіншіден, «Ақиқат сыйы» сол уақытта кең өріс алған поэтикалық-дидактикалық дәстүрмен жазылғандықтан, онда араб-түркі әлемінде кең қолданысқа ие болған нақыл сөздер мен қалай өмір сүрудің үлгісі туралы тәлім-тәрбиелік маңызы бар мәселелер қамтылған.

Төртіншіден, түбі бір туысқан түркі тілдес елдер мен ортақ мәдени тарихымызды санамызда түлете отырып, бүгінгі тәуелсіздік туын көтерген бауырлас халықтардың жоғары мәдениеті сөз болады.

Ахмет Иүгінеки білімді жандарды көкке көтере мадақтайды, оқушысын оқу-білімнің кәусар бұлағынан еркін сусындауға шақырады:

Білікті білім жинап кәсіп етер,
Білімнің дәмін татып өсіп өтер.
Білдірер, беріп елге білім сырын.
Біліксіз білімді аттап, бөсіп өтер,
Тура сөз біліксізге қаза болар,
Насихат, пайдалы сөз жаза болар.
Надан жан қанша жусаң тазармайды –
Талай кір жуған сайын таза болар.
Білімдер «істі біліп, бекін!» – дейді,
Ақылмен іс істеген өкінбейді.
Білмеген талай жұмыс істей жүріп,
Амал жоқ, түбінде сол опық жейді.
Білікті біліп айтар, сөзін ұтар,
Ол емес бос сөзіңді бедел тұтар,
Білімсіз не айтса да білмей айтар –
Өз тілі өзінің кеп басын жұтар.
Алла өзін білімменен құт етеді,
Қайырсыз надандықты жұт етеді,
Білімді үйренбеген талай қауым.
Құдайды қолдан жасап бұт етеді.
Өнеге, білген сөзі – насихат, жол,
Араб пен азияттың сүйгені сол.
Кедейдің кертіп жейтін малы – білім,
Білімнің жоқ-жітікке берері мол.

«Ахмет Иүгінеки дастаны – түркі тілді халықтар әдебиетінің қалыптасуына мықты әсер еткен ортағасырлық құнды туынды. Оның өзбек, ұйғыр, қазақ әдебиеті тарихындағы маңызы да осы әсерлері арқылы белгіленеді. Онымен қоса ғалым Ахмет Иүгінекиді қазақ жерінде туып, өскен деген пікір айтады (*Х.Сүйіншіалиев. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1989. – 278 бет*)

Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйында» Жүсіп Баласағұнның әдеби-эстетикалық, этикалық толғамдарын сұрыптап жеткізуші сияқты да көрініп кетеді. Білімді, білікті адам жайлы, тіл туралы, кісілік, жомарттық пен сараңдық хақындағы ойлары қалыптасқан әдеби ұстын (канон) өзекті желіні ұстағанын, әдеби үлгіні қуғанын танытады. Бұл дәстүр үлгісі Абайда да жалғасын тапқан. (*Асқар Егеубай. Құлабыз. Алматы: Жазушы, 2001. – 216 бет*).

7.2. «Ақиқат сыйы» еңбегіндегі тіл, жомарттық ұғымдары

«Жомарттық» – қазақ халқы жақсы көретін қасиеттерінің бірі. Сондықтан да ақын, жазушылар өз өлеңдерінде «Жоқшылық жомарт ердің қолын байлар» деген жолдарды үнемі қосып отырған. Жомарттар туралы қызғылықты ауызекі әңгімелер де көп. Бұдан басқа қазақ арасында көп тараған «Атымтай жомарт» туралы да әңгімелер көптеп кездеседі. Осындай бір әңгімені Ыбырай Алтынсарин да «Оқулық» жинағына қосқан (*Сабит Мұқанов. Халық мұрасы Алматы: Қазақстан, 1974. – 236 бет*).

Қазақ халқының дүниетанымы мен тарихында жомарттық, мәрттік ең жоғары қасиеттер. Қазақ халқы барынша жомарт, қолы ашық болуына көп мән бергендіктен баласына «Жомарт», «Атымтай» деп ат қойған. Ахмет Иүгінекидің де еңбегінде негізгі ұғымдардың бір осы – жомарттық.

Поэтикалық шығармада жомарттық пен сараңдық көп айтылады. Ахмет Иүгінеки түсінігінше, құрметке лайықты адамзаттың бойында ең асыл қасиет – жомарттық болуы тиіс. Жомарттық орын алған жерде алынбайтын қамал жоқ, жылымайтын жүрек жоқ. Иүгінеки үнемі жомарттық пен сараңдықты бір-біріне қарсы қояды.

Ахмет Иүгінеки «Ақиқат сыйы» дастанының соңында адам бойындағы ізгі қасиеттер туралы өз ойын қорыта келіп, кітап оқушысына қарата былай дейді.

Ақмет Әдиб – атым, үлгі – сөзім,
Қалады мұнда сөзім, кетем өзім,
Күз келер, жаз да кетер, өмір де өтер,
Сонымен жұмыларда екі көзім.
Ей досым, жаздым кітап түрікшелеп,
Мейлің сөк, мейлің қала ерекше елеп.
Артымда ат қалсын деп жаздым мұны

Ғажайып таңсық сөзбен ерекшелеп (*Иүгінеки Ахмед. Ақиқат сыйы: түпнұсқаның фотокөшірмесі, транскрипциясы, прозалық және поэтикалық аудармасы. Алматы: Ғылым, 1985. – 152/88 бет*).

Ахмет Иүгінекидің еңбегіндегі өзекті тақырыптың бірі – оқу мен білім болған. Ол адамның санасына жарық сәуле құятын оқу, білім деп түсінген. Әлемнің кілті – білімде деген. Жомарт жандарды қастерлеп, адамның мінез-құлқына ерекше мән берген.

Өмірде жақсы мінез – жомарт деген,
Жаман ат – сараң, тәуір сөз ермеген.
Берген қол бәрінен де құтты болар.

Сол жаман – ала біліп, түк бермеген – деген сөздерін атап өтер едік. Ал, сараңдықты емдегенмен жазылмайтын ауруға теңейді. Білімді адамды – таза алтынға, надан кісіні – құны жоқ, жалған ақшаға; білімді әйелді – ер жігітке; ал білімсіз еркекті – әйелге, шын сөзді – балға, жалған сөзді – пиязға теңегендігін байқаймыз.

Қазақ философиясындағы жомарттық пен сараңдық тақырыбындағы зерттеулер, ізденістер әлі де жетіспейді. Қазақ қоғамында «бай» ұғымын өз тұғырына қондырып, дәулетті, бай болу арқылы еліне, жеріне, ұлтына қызмет ететін жаңа формациядағы кәсіпкерлерді көбірек насихаттау керек. Қазіргі таңда білім, ғылым саласында үлкен табысқа кенеліп жүрген азаматтар туралы сөз қозғаған дұрыс. Хакім Абай «дүние де өзі, мал да өзі ғылымға көңіл бөлсеңіз» – дегендей, білім алып, ғылыммен айналысу «трендке» айналғанда еліміздің көсегесі көгерері анық.